

ШРИФТ ПӘНІНІҢ ДИЗАЙН МАМАНДЫҒЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Шолпан Мұқаметқанқызы Түсіпбекова

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
аға оқытушысы

Резюме

В этой статье излагается терминология шрифтовой формы, анализируются характерные особенности ее графических элементов и конструктивного построения знаков алфавита, также говорится об основных прикладных формах шрифтовой графики.

Summary

This article sets out the terminology font form, analyzed the characteristics of its graphic elements and build a constructive character alphabet, also refers to the core application forms font graphic.

Көркем-безендіру жұмыстарында суретшіге яғни кәзіргі тілмен айтқанда дизайнерге шрифттің маңызы зор, өйткені ол кез-келген плакат, жарнама композициясының өте маңызды әрі шешуші элементі болып табылады. Шрифтсіз кітап пен журналдарды, көркемдік безендіру өнеркәсіп өнімдерін, әдемі заттаңбалар (этикеткалар) жасау мүмкін емес. Осы шрифттер жазулары арқылы кеңес беріледі, тыйым салынады, үгіт-насихат жүргізіледі.

Біз жарнама плакаттарындағы жазулардың, кітап мұқабасындағы немесе дүкендегі жазулардың неге дәл осы шрифтпен жазылатындығы туралы ойланбаймыз. Қауіп-қатер туралы ескертетін жазулар көзге тез және алыстан түсетін, адамның көңіл аударуын талап ететін шрифттермен жазылады. Дизайнер салмақты, елеусіз немесе қобалжытатын жазуларды орындай отыра суретке лайықты шрифты іздейді яғни таңдайды. Ол шрифт қатал немесе еркін, контурлы немесе көлеңкелі, плакаттық немесе декоративті болуы мүмкін. Мысалы: тарихи мазмұндағы кітапты безендіріп отырған дизайнер баяндалған дәуірдегі шрифттердің стильдік ерекшеліктерімен танысады. Өйткені тарихи дәуірдің ерекшеліктері оның мәдениеті, стилі сол дәуір шрифттерінің суретіне әсер етпеуі мүмкін емес. Сондықтан жаңа шрифттерді жасай отыра біз қолданыстан шығып қалған ескілерін ұмытпауымыз керек. Олар тек тарихи кітаптарды безендіруге ғана

емес, тарихи кинофильм немесе спектакльдегі дәуірді толығымен сезінуге мүмкіндік береді.

Жазу тарихын арнайы тарихи-филологиялық ғылым – палеография зерттейді (грекше palaios – ежелгі және grapho – жазамын). Палеография жазудың дамуы мен қалыптасуымен байланысты дерлік барлық мәселелерді қарастырады. Мысалы, ежелгі жазба ескерткіштерін, жазудың дамуының экономикалық және әлеуметтік факторлары мен оның стилінің қалыптасуын, әріптердің графикалық түрінің эволюциясын, олардың элементтерінің пропорцияларын, жазу материалдары мен құралдарын зерттейді, жазуды зерттеу әдістемелерін жасайды. Бұл сұрақтар графикалық дизайнда шрифттер мен графикалық композицияларды жобалау кезінде қарастырылады. Жалпы тарихи-теориялық мәселелерден басқа дизайнер-график шрифт стильдері мен шрифт гарнитурларының ресми ерекшеліктері мен қасиеттерін, шрифттің техникалық параметрлерін, шрифттік ұсақ және ірі жазылуын, оның мәтіндік және акциденттік жиынтықтың әртүрлі түрлеріндегі техникалық және эстетикалық қасиеттерін зерттейді. Бұл білімдердің барлығы үнпарақтардан бастап кітап пен плакаттарға дейін немесе көшедегі жарнама транспаратына дейінгі әртүрлі типографиялық формаларды жасау кезінде қажет. Латын және орыс әліппесінің тарихи дамуының әрбір кезеңі пішін мен стиль жағынан қарастырғанда аяқталған графикалық жүйе болып табылады. Жазудың тарихи түрлері мен оның түрлену заңдарын білу суретшіге өзінің жұмысында мүмкін стилистикалық және ресми қателіктерге ұшырамауға мүмкіндік береді. Бұл талаптарға жазудың тарихи пішіндері толық жауап береді. Шрифт формасы белгілі бір дәуірдің жалпы мәдениетімен байланысты, осы мәдениетті білу және түсіну дизайнердің кәсіби қызметіне қажет. Жазудың ежелгі түрлерін ақпарат тасушысы ретінде заманауи графикалық жобаларда қолдану мүмкін емес, алайда көне мысыр мәдениеті суретші шығармашылығында әрқашан оның көмекшісі және рухани көзі бола алады. Көне Мысыр мәдениетінің қатаң канондық жүйесі көп ғасырлар бойы оның стиль ерекшеліктерін, композициялық әдістерін, түс гаммасын қалыптастыра отырып, бұл өнерді өте ашық, қайталанбас етсе, протестік шарттылық жағынан жетілген пішіні арқылы ең жоғары деңгейде заманауи графикалық дизайнның даму тенденциясына сәйкес келеді.

Кириллица әліпесінің даму тарихы Петр I Жарғысымен орыс типографиялық шрифтінің даму бағытын анықтаған Азаматтық Әліппе қарастырылады. Сонымен қатар типографиялық, жинақтық шрифттердің 15-20 ғасыр аралығындағы дамуы туралы сөз қозғалып, типографиялық шрифттік графиканың тарихи жіктелуімен студенттерді таныстырып, жинақтық шрифттердің тарихи дамуының негізгі кезеңдері белгілі бір шрифттік пішіннің пайда болу дәуірінің қысқа мәдени сипаттамасы негізі айтылады. Жазудың даму тарихымен таныса отырып әр ғасырдағы шрифттерге тоқталып толық мағұлматтар беріледі.


Ал тәжірибеде алдымен шрифттік аспаптар және жұмыс техникасымен танысады, шрифттік форманың терминологиясы көрсетіледі, оның графикалық элементтеріне тән ерекшеліктер мен әліппе таңбаларын конструкциялық тұрғызу ерекшеліктері талданады. Сонымен қатар, бұл бөлімде шрифттік графиканың негізгі қолданбалы түрлері—монограмма, каллиграмма, логотип және шрифттік плакат, кітаптың сыртқы бетін безендіру, шрифтті өрнекпен үйлестіру оларды жобалауда ең жоғары деңгейде шрифттік форманың ресми мүмкіндіктерін, оның эмоциялық-психологиялық әсерлерін білу және түсіну керек. Дизайнер шрифттерді еркін игеруге, пропорцияны, тепе-теңдікті, түстер үйлесімін және басқа көркем бейнелеу құралдарын жақсы сезіне білуге тиіс.

Шрифтті жазу жеңіл-желпі шаруа емес. Әсіресе оның оқуға ыңғайлы, айқын, графикалық формалары қарапайым болуы қажет. Сондай-ақ шрифттің образды болуы мәселелеріне ерекше назар аударып отырған жөн. Бұл жөнінде шрифт жазудан аты шыққан кеңес дәуірінің суретшісі С.Б. Телингатер былай деген болатын: «Бейне, бейнелілік-бұл адамзат ақыл-ойының объективті дүниені тану үдерісінде, өз ойын басқа адамға беру үшін түрлі құралдарды шығармашылықпен пайдалану нәтижесінде пайда болған саласы. Өнер шығармасындағы осындай дәрежедегі шрифтте көркем бейне-бүкіл шығармашылық үдерістің нәтижесі...»

Жанарған шрифт түрлері



Монограмма



Каллиграмма



Логотип



Lacoste



Playboy




Apple



Mercedes





Nike




Windows

Кітап сыртын безендіру



Плакат



Қолданылған әдебиеттер:

1. А.С. Щипанов, Эуеской жас суретшілер мен мүсіншілерге арналған. - Алматы «Мектеп», 1989.- 411 с.
2. А. Кудрявцев, Университет Натальи Нестеровой, Шрифт. - М.: 2003. -3 с
3. <http://top-inspector.ru/>
4. www.zapolarstroy.ru
5. logotipka@yandex.ru